

**"2019-2021 жылдарға арналған Шиелі кентінің бюджеті туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №34/10 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 наурыздағы № 38/2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 наурызда № 6751 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасы кодексінің 2008 жылғы 4 желтоқсандағы 9-1 бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1."2019-2021 жылдарға арналған Шиелі кентінің бюджеті туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 34/10 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6615 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылы 15 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Шиелі кентінің бюджеті 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер - 260 829 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер - 158 550 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 295 мың теңге;

трансферттер түсімі -101 984 мың теңге;

2) шығындар -270 511 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0;

бюджеттік кредиттер - 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0;

қаржы активтерін сатып алу - 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - -9 682 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) - 9 682 мың теңге;

қарыздар түсімі - 0;

қарыздарды өтеу - 0;

бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары - 9 682 мың теңге;";  
 аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Шиелі аудандық мәслихат сессиясының  
 төрағасы:

*М. Салқынбаев*

Шиелі аудандық мәслихат хатшысы:

*Б. Сыздық*

Шиелі аудандық мәслихатының 2019  
 жылғы "19" наурыздағы №38/2  
 шешіміне қосымша

Шиелі аудандық мәслихатының 2018  
 жылғы "28" желтоқсандағы №34/10  
 шешіміне 1-қосымша

### Шиелі кентінің 2019 жылға арналған бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы	Атауы	
			1. Кірістер	260829
1			Салықтық түсімдер	158550
	01		Табыс салығы	69191
		2	Жеке табыс салығы	69191
	04		Меншікке салынатын салықтар	89334
		1	Мүлікке салынатын салықтар	3499
		3	Жер салығы	4435
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	81400
	5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	25
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	25
2			Салықтық емес түсімдер	295
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	45

		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	45
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	250
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	250
4			Трансферттер түсімі	101984
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған	101984

			органдарынан түсетін трансферттер	
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	101984
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			2. Шығындар	270511
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	52978
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	52978
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	48278
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4700
07			Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық	160408
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	160408
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	66576
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	31132
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	62700
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	51625

	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	51625
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	51625
12			Көлік және коммуникациялар	5500
	124		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	5500
		045	Елді-мекендер көшелеріндегі автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	5500
			3. Таза бюджеттік кредит беру	0
			4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	( -9682
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	( 9682
7			Қарыздар түсімі	0
16			Қарыздарды өтеу	0
	8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	9682
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	9682
			Бюджет қаражатының бос қалдықтары	9682

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК